1. „Мәңгілік бала бейне" әңгімесінде көтерілген бастымәселелер және оны шешудің жолдары"

Бала деген - жай бір төрт әріптен тұратын сөз емес, ол әрбір шаңырақтың қуанышы, бақыты, аңсап күткен кішкентай жандары. Оның балалық шағы толған шаттық, ойын - күлкі, арман - мақсаттар. Отбасы мүшелері, яғни, әкесі мен анасы не болмаса атасы мен әжесі баланы әлпештеп, қанаттарға қақтықпай қондыруға соқтырмай, үлгілі тәрбие беруге тырысып өсіреді. „Бала тілі - бал" дегендей, кішкентай бала өзінің ең алғашқы тәтті сөздерін айта бастайды. Балалық шағынан кейін мектеп табалдырығын алғаш басып, мектептегі есте қаларлық сәттерімен білім алып жүреді. Ата-ананың үмітін ақтап, армандарына жетіп, биік шыңдардан көрініп жүрген кезде ешқандай қиындықтарға тап болмайды. Бала өзінің нағыз достары мен қорғаған ортасын табады. Бір сөзбен айтқанда барлығы ойдағыдай жақсы болады. Бірақ бір мезетте күл-дем күтпеген әрі ойламаған жағдай орын алады. Ол жағдайдан шыныменде ешкім алдын ала алмаған. Ажалдан бір емес жүздеген, мыңдаған адам зардап шеккен. Ажал айтып келмейді дегендей Ажал жай ғана-ақ мәселе емес, аса маңызды, қоғамға үлкен зиянның тигізетін қауіп. Әсіресе, нәрестелерден бастап кішкентай балаларға зақым тисе өте аянышты болады. Себебі; олардың ешқандай жазығы жоқ, олардың аяусыз көз жастары жүректі расымен ауырдады деп ойлаймын.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ал енді шығармаға және негізгі ойға келетін болсақ. Дәл осы бейне „Мәңгілік бала бейне" үзіндісінде бейнеленген.

„Мәңгілік бала бейне" шығармасы - бір қыздың ғана емес, сол оқиғадан кейін зардап шеккен бүкіл адамдардың тағдырын суреттеген. Үзінде шын мәнінде өте терең мағынаны қалдыра отырып, жасөспірімдерге, оқушыларға тіпті ересек адамдарға ой салған болатын. Негізінде, менің ойымша, кез-келген туындыда өзінің сүйіп оқитын, қайта оқи берсе де, қайта мағынасын ескеріп, ой салып, үлкен эмоция беретін үзінде, кітап не шығармасы болады. Осы кезде маған осы үзінде, яғни „Мәңгілік бала бейне" атты шығарма ұнап жүр. Оның басты себебі: үзіндедегі қыз деп ойлаймын. Басты кейіпкердің іс-әрекеттеріне қарап кез-келген адам өмір сүруге деген құштарлығы артып, мінез-сипат ұға бастайды. Сол себептен мен осы шығарманы қайта оқи бергім келеді.

Келесі кезекте мен осы үзінде туралы толық айтып, көтерілген мәселелерді талқылап оны шешудің жолдарын қарастырамын.

„Мәңгілік бала бейне" үзіндісін Роза Мұқанова 1996 жылы жазған. Ондағы басты кейіпкер ал - Ләйлә. Ләйлә өте қарапайым, мейірімді қыздардың бірі. Ол небәрі 16-17 жаста болды. Ләйлә өзінің сұлулығымен, даналығымен көзге көрінген болатын. Бірақ оның өміріндегі ең өкініштісі, ол ата-анасының баласы, яғни ол жетім болды. Дегенмен осы қадағалап, өсірген


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

анасының әкесі - Жамира тәтесі болды. Бірақ ол өте
қатал, суық, жүрегі мұздай болғандықтан, Ләйләні
қатты бағып, тәрбиелеп, анасының еркін баса алмаған
болатын. Осыған орай Ләйлә өзі әр нәрсеге қызығушы-
лық танытып, тәрбие алып, үйренген. Бірақ бір сәтте
оның өмірімен қоса басқалардың да өмірі күрт өзгерді.
Бұған түрткі болған - Семей ядролық полигоны.

Семей ядролық полигоны дегеніміз - ядролық қару-жарақ-
тардың жарылуы. Бұл қалай және неге болды?
Семейдегі ядролық қару жасайтын жерде ғалымдар
сол жасалған қару-жарақты тексеру мақсатында, қала-
ның ең шеткі жерінде бірнеше сынақтар жасайды.
Зерттеушілер қаланың шеткі жерінде істегендіктен,
адамдарға тимейді, еш зиянын келтірмейді деген ойда
болған. Сонда да, ядролық қарудың алғашқы сынағы
сәтсіз аяқталды деуге болады. Мыңдаған адам зардап
шекті. Біріншіден, ауаға үлкен қауіп төндірді. Екінші-
ден, қоғамның жартысы қаза тауып, жартысы мү-
гедек болып қалған. Мүгедек болып қалған адамдар-
дың қатарына Ләйләні жатқызамыз. Ләйлә сынақ-
тан кейін 5-6 жасар баланың күйінде қалып қойды.
Осыдан оны көбісі жақтырмай, келісіп шеттетіп
жүрген, дегенмен Ләйлә өзінің жақсы қасиеттерінен
айырылған жоқ, яғни ол әлі де жүрегі таза, кішіпейіл
әрі қарапайым, ақылды, мейірімді қыз болып қалды.
Мүгедек болғандықтан онымен ешкім сөйлеспей
қойды, сондықтан Ләйлә өзінің сенімді серігімен -
аймен ғана сырласып, армандарын, сыр-



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

-ларымен бөліскен. Жаңағы Зәмира тәтесі де оны балағаттап, бір сөзбен айтқанда жек көрген.

Осылардың барлығын жинақтап, басты мәселелермен олардың шешу жолдарын айта кетсем.

Ең алдымен, қоғамдағы әділетсіздік, теңсіздік. Не себепті мүгедек балалар, яғни ерекше балалар басқалардан өзінің ерекшелігімен сөз естуі керек. Мен әрбір балаға, адамға бірдей қарауды ұстанамын.

Келесі, ядролық сынақ. Бір қуаныштысы ол қазір Семей ядролық полигоны жабылған. Бірақ, сонда да оны келесіде мүгедек жасалмай, шығармауын ұстанамын.

Сондай-ақ, қоғамда әділеттілік пен теңдікті орнатуға өз үлесімді қосқым келеді.

Қорытындылай келе, мен „Мәңгілік бала бейне" әңгімесінен көтерілген, қозғалған үлкен мәселелердің шешілуі өте қолайлы. Онсыз қоғамда теңсіздік әлі де қайталмасқа алмауы мүмкін деп ойлаймын. Әр бала өзінен ерекше, оны түсіну, білу, құрметтеу кез-келген адамның парызы деп ойлаймын. Бала - өмірдің гүлі. Сондықтан, балаға болсын, ересек адам болсын барлығына әрдайым бірдей қарау қажет